«КЕЛІСЕМІН»
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
_____ Г.Нұрмағанбетова
«30» 01 2024-2025 оқу жылы

«БЕКІТЕМІН»
И.В.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицей, директоры
_____ Р.Мұхашова
«___» _____ 2024-2025 оқу жылы

«Жас Ұлан» ұйымының жылдық акциясын жүзеге асыру бойынша мектеп тәлімгерінің жылдық жоспары

2024-2025 оқу жылы

« Асыл сөзді іздесең , Абайды оқы, Жас Ұлан» Жас Ұлан ұйымының жылдық акциясы

№	Тақырыбы	Мазмұны	Нәтижесі	Уақыты
1	«Абайдың сөзі - қазақтың бойтұмары» ақылды бейсенбі	Тәлімгер уақыты. Абайдың қара сөздерін таныстыру, насихаттау. Пән мұғалімдерімен бірігіп шаралар өткізу.Кездесулер ұйымдастыру, кітапханалармен байланыс жасау.	Атқарылған шаралар бойынша желіде бейнеролик (1-2 мин) жариялау	Ай сайын (8-10 сынып)
2	«Оқуға құштар ұлан» акция	«Отбасымен кітап оқу» , «Тәлімгермен бірге оқыдым» жобалары дағдыларын қалыптастыру шараларын ұйымдастыру.	Оқыған кітаптары бойынша желіде бейнеролик (30-45 сек) жариялау	Ай сайын (2-11сынып)
3	«Әкем үйреткен »	Отбасы өнегесін түсіндіру бойынша іс-шаралар , әке тәрбиесінің мектебін кітап оқу дағдылары арқылы қалыптастыру.Әкеммен оқимын, әкем оқыған бір кітап, әкем ұсынған кітап, әке мұрасы тақырыптары бойынша түрлі әдебиетті әкесімен бірге оқуды дамыту. Үй кітапханасын насихаттау.Әке өнегесін үйрену.	Атқарылған шаралар бойынша желіде бейнеролик (2 мин) жариялау	Ай сайын (2-11сынып)
4	«Көңілді үзіліс»	Мектеп тәлімгерінің сабақ арасындағы үлкен үзілісте балаларға пайдалы шаралар ұйымдастыру.Қимыл – қозғалыс ойындары мен спорттық ойындар өткізу (еркіне қарай).Балалардың көңіл-күйін көтеру.«Жиырма минут кітап оқы»акциясын өткізу. «Жастардың оқуға құштар құзіреттілігін дамыту..	Көңілді үзіліс Мектепте үзілістер арасында ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау	Ай сайын (2-11сынып)
5	«Адал Дос-Шын Дос» акция	Мектеп тәлімгерлерінің әрбір мектептегі инклюзивті сыныптағы балаларды шефтік көмекке алуы.Олармен бірге шаралар өткізу.Ерекше қабілеттегі достарға кедергісіз кеңістік орнату бағытында кітаптарды бірге оқу.	Мектепте инклузивті сыныптағы балалармен ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау	Ай сайын (8-10сынып)
6	«Ұлағатты Ұландар » эл.құрмет тақтасы	Жас ұлан ұйымының жұмыс бағыттары бойынша белсенді кітапқұмар ұландарды эл. Құрмет тақтасына шығару. Мектеп теледидарында үзілістерде насихаттау.	Эл.құрмет тақтасын желіде жариялау	Тоқсан сайын (2-11сынып)
7	«Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін» ұланбасылардың байқауы	Атқарылған шаралардың қорытындысымен ай сайын үздік ұланбасыны анықтау, мектептердегі Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған шаралардың іске асырылуын, нәтижесін шығарып отыру. Мектепте ай сайын қорытындылап отыру.	Ай сайын шығарылған рейтинг, мониторингта үздік көр сеткіштер көрсету.Ұйымның барлық шараларын насихаттау. Ай сайын желіде атқарылған	Ай сайын мектеп ұланбасылары

			шаралардың бейнеролгін жариялау.	
8	«STAND UP» Абайдың мотивациялық сөздерін ұсыну	Барлық білім беру мекемелерінде сөзсауаттылылығының әліппесін үйрету, ақпараттық сауатты ұрпақ қалыптастыру. Журналистика мамандығын таңдайтын оқушыларға кәсіби бағдар беру. Мектеп тынысынан ақпар беруге дағдыландырып, жас журналистердің, сауатты блогерлердің шоғырын қалыптастыру. Мектеп тәлімгері мен 8-11 сынып оқушыларынан құралған белсенді кітап құмарларды ай сайын тыңдармандармен кездестіру.	Мектеп ішілік жобаны дамыту.Алғы шарттарын ұйымдастыру. Мектеп бойынша атқарылған шараларды желіде жариялау	Ай сайын (8-11 сынып тәлімгерлер)
9	«Ғасырлармен үндескен асыл қазына» кітап көрмесі	Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай оқырмандарға ұлы баба ілімінің ізгілікті ойлары туралы білім беру.	Желіде жариялау	Ақпан
10	«Абайдың даналық сөздері» Жас ұлан сағаты	Абай Құнанбаевтың шығармаларын талдай отырып, пікірталас өткізу.	Желіде жариялау	Ақпан
11	«Бабалар Үні» Абай өлеңдерін жатқа оқу айлығы	Жатқа оқу акциясын жалғастыру. Сыныптағы балаларды толық қамтуға ат салысу.Абай өлеңдерін жаттау арқылы «Трендте кітап оқу», «20 минут кітап » жобаларын іске асыру. Отбасымен кітап оқуға дағдыландыру.Мектеп тәлімгерімен бірге челленджге қатысу.	Желідегі «Бабалар үні» акциясында балалардың шығуы	Ақпан маусым (7-10сынып)
12	«Наурыз поштасы»	Қарттар мен үйден оқитын балаларға кітап сыйлау, бірге кітап оқу акциясы.	Желіде жариялау Акция	Наурыз (2-10сынып)
13	«Абайдың дүниетанымы» әдеби жәрмеңке	Абай шығармаларын кеңінен таныстырып,шәкірт жүрегіне ұялату.	Желіде жариялау	Наурыз
14	«Абайдың нақыл сөздері» танымдық сағат	Абай шығармашылығынан үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.	Желіде жариялау	Наурыз
15	«Абай менің жүрегімде» Тәлімгерлердің сый жәрмеңкесі	Достары үшін сый жәрмеңкесін ұйымдастыру. Мектеп ішілік, аудандық сый жәрмеңкеге Абай туралы өзі оқып болған, кітаптарды сый жәрмеңкесіне апарып,достарын қуанту. Жәрмеңке аясында мектеп тәлімгерлері «Бук-слем» ұйымдастыру.	Жыл бойы кітап оқуды насихаттаудағы түрлі акция, жобаларды жариялау	Сәуір

16	«Абай жолы» шығармашылық апталығы	Абай мұрасын оқырмандарға таныстыру және оның шығармаларын насихаттау. Сондай-ақ, оқырманның ой-өрісін кеңейту..	Желіде жариялау	Сәуір (8-11сынып)
17	«Қанатты достар» акциясы	Жыл құстары туралы көркем әдебиеттерді оқу, насихаттау. Олардың пайдасы, ерекшеліктері туралы бук-слемде жасау.	Акция Желіде жариялау	Сәуір (6-9сынып)
18	«Мұхтар Әуезов- ұлы тұлға» библиомикс	Қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор М. Әуезов туралы танымдық бейнебаян арқылы таныстыру.	Желіде жариялау	Сәуір
19	«Абай әлемі» тарихи шежіре сағаты	Абай шығармашылығын таныстыру, әдеби мұрасын насихаттау.	Желіде жариялау	Сәуір
20	«Plogging» жүгір және тазала акциясы 5-11 сынып оқушылары	Салауатты өмір салты және экологияға қамқорлықты біріктіретін «Plogging» акциясын алғаш рет Швецияда пайда болған.. Акция аясында жүгір және тазала ұранымен денсаулығын жақсарта отырып, таза ауа-ашық аспан астында экологиялық білімдерін жетілдіретін кітап оқуды ұйымдастыру.	Акция Желіде жариялау	Мамыр (5-11 сынып)
21	«Ғылым таппай мақтанба» Тимбилдинг	Командалар арасында Абай өлеңдерінен жарыс.Өленді жалғастыру арқылы жарысу.	Желіде жариялау	Мамыр Тәлімгерлер,ұландар
22	«Жазда кітап оқимын» акциясы	Жазғы демалыс уақытында кітап оқу.Арнайы күнделіктер жүргізу. Мақала жазу.Кітапханаларға бару.	Акция	Маусым-тамыз (2-11сынып)
23	«Қуат алып Абайдың оң ісінен» тоғызқұмалақ ойынынан сайыс	Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағыттау шараларын ұйымдастыру.Ұлттық ойындарды насихаттау арқылы үздіктерді анықтау.Балалар арасында «Тоғызқұмалақ» ойындарын дамыту. Ұлттық ойындар күнін ұйымдастыру	Ұлттық ойындар күні	Қыркүйек
24	«Тұлпар мініп, ту алған акция»	Жатқа оқу акциясын жалғастыру. Сыныптағы балаларды толық қамтуға ат салысу.Абай өлеңдерін жаттау арқылы «Трендте кітап оқу», «20 минут кітап » жобаларын іске асыру. Отбасымен кітап оқуға дағдыландыру.Мектеп тәлімгерімен бірге челленджге қатысу.	Желіде жариялау	Қыркүйек - желтоқсан
25	Абай оқулары	Оқуға құштар мектеп жобасы аясында тәлімгерлер үшін А.Құнанбаев оқуларын ұйымдастыру.	Оқулар Желіде жариялау	Мамыр (тәлімгерлер)
26	« Ұланымыз ұлы елдің» облыстық слет	Жас ұландардың балалар жылына арналған облыстық слетін ұйымдастыру	Облыстық слет	Қараша

27	«Жомарттық мекені» Қайырымдылық акциясы	Балалардың көшбасылық қасиеттерін дамыту,өздерінен ауысқан ойыншықтар мен кітаптарын достарына сыйға тарту.	Акция	Қараша
28	Музей сағаты	Жергілікті музейлер мен ынтымақтастықта музей сағаттары мен ойын сабақтар ұйымдастыру.	Музей сағатының роликтерін желіде жариялау.	Қараша
29	«Eco Alem» үстелдік эко-ойыннан турнир өткізу	Балалардың экологиялық білімдері мен мәдениеттерін дамыту .Экологиялық тәрбиені дамытатын кітап көрмесін ұйымдастыру.	Аудандық, қалалық жарыс ұйымдастыру.	Қараша
30	«Абай, Пушкин, Гете» викторина	Ұлылардың рухани үндестігін түсіндері.Білімдерін кенейту. Топ болып ізденуге дағдыландыру	Желіде жариялау	Қараша
31	«Кітап оқып, трендте бол, Жас Ұлан»	Кітапқұмар балаларды насихаттау.Шарага белсене араласқан ұйым белсенділері мен тәлімгерлердің қорытынды шарасы.	Аудандық, қалалық кітапқұмарлар форумы	Қараша
32	«Тәлімгер-2025 » байқау	Жыл қорытындысы бойынша үздіктерді анықтау	Облыстық байқау	Қараша

НАЗАРҒА : « Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлі акциясы биылғы жылы балаларды кітап оқуға шақыру акциясын жалғастырады. Ұландар аталған жылды Абай шығармашылығына арнайтын болады.Шараларда жергілікті жерлерде өзгерістер жасауға болады.Барлық шаралар желіде жарияланып, насихатталады.

#асылсөздіізденең

 # абайдыоқы,жасұлан хэштегімен белгіленеді.

Мектеп-лицей тәлімгері _____ **И.Қуанышбек**



«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер қозғалысы қоғамдық бірлестігінің 2024-2025 оқу жылында И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде ұйымға қабылданған оқушылар мәліметі

Мектебі	Қабылданған оқушылар саны	5«а» сыныбы	5«ә» сыныбы	5«б» сыныбы
И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей	65	27	21	17
	36 ұл 29 қыз	14 ұл 13 қыз	11 ұл 10 қыз	11 ұл 6 қыз

«Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына алдағы уақытта 5 «в», 5 «г», 5 «д» сынып оқушыларынан 50 оқушы қабылдау жоспарлануда

Тәлімгер: И.Куанышбек

Анықтама

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп лицейі оқушыларға отбасы құндылықтарын дәріптеу, отбасындағы әке рөлін насихаттау, әке өнегесі мен тәрбиесінің маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Әкем үйреткен» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушыларға отбасы – тәрбие мен өнегенің бастауы екендігі түсіндіріліп, әкенің бала тәрбиесіндегі орны мен рөліне ерекше мән берілді. Оқушылар әкелерінен алған тәлім-тәрбиелері, өмірлік кеңестері мен үйренген дағдылары туралы ой бөлісіп, әке өнегесінің адам қалыптасуындағы маңыздылығын түсінді.

Сонымен қатар, оқушылардың кітап оқу дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсатында әкелерімен бірге әдеби шығармалар оқу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, «Әкеммен оқимын», «Әкем оқыған бір кітап», «Әкем ұстаған бір кітап», «Әке мұрасы» тақырыптары бойынша түрлі әдеби шығармаларды бірге оқу, мазмұнын талқылау және өзара пікір алмасу жұмыстары ұйымдастырылды.

«Әкеммен оқимын» бағыты бойынша оқушылар әкелерімен бірге кітап оқып, шығарманың мазмұнын талқылады. «Әкем оқыған бір кітап» тақырыбында оқушылар әкелері ұсынған немесе балалық шағында оқыған кітаптарымен танысып, олардың мазмұны мен тәрбиелік мәні туралы әңгімелесті.

«Әкем ұстаған бір кітап» және «Әке мұрасы» тақырыптары арқылы отбасындағы кітаптың қадірін арттыруға, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Іс-шара барысында үй кітапханасын насихаттауға да ерекше көңіл бөлінді. Оқушылар отбасындағы кітап қорымен таныстырып, өздерінің сүйікті кітаптары туралы айтып, кітап оқудың адам өміріндегі маңыздылығы туралы пікірлерімен бөлісті. Үй жағдайында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, ата-ана мен бала арасында бірлесіп кітап оқу дәстүрін дамыту жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстар оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, отбасылық оқу мәдениетін қалыптастыруға, әке мен бала арасындағы рухани байланысты нығайтуға және әке өнегесін үлгі етуге бағытталды.

«Әкем үйреткен» іс-шарасы барысында оқушылар отбасы құндылықтары мен әке тәрбиесінің маңыздылығын түсініп, әкелерінен алған өнеге мен өмірлік тәжірибелерін бағалауға мүмкіндік алды. Әкелермен бірге кітап оқу арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын, ой-өрісін, өз ойын еркін жеткізу және пікір алмасу дағдыларын дамытуға жағдай жасалды. Үй кітапханасын насихаттау арқылы отбасында кітап оқу дәстүрін қалыптастырудың маңыздылығы көрсетілді.

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде мектебімізде қыркүйек айында жол кауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Абайлаңыз балалар!» тақырыбы бойынша Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПб УПИ-ры полиция капитаны М.Нағашыбаев түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, таратпа қағаздарын таратты.

Мақсаты: жол ережесін сақтауға, көлік көп шоғырланған ортада жол ережесін қатаң сақтауға шақыру. Жол ережесін қатаң сақтайық достар! Ұранымен Жас ұлан оқушылары ұран қақты.











АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей кітапханасында қараша айының 13 і күні «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» жобасы аясында 6-сынып оқушыларымен «Кітап – бар білімнің бастауы» тақырыбында «Жас ұлан» ұйымының READx жобасы өткізілді.

Мақсаты: «READx»кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, әдеби шығармалардың құндылығы мен мазмұнын дәріптеу.

READx - озық оқырманды анықтау, тамаша шығарманы оқуға кеңес беруге арналған алаң.

READx - бұл оқырмандарды шабыттандыру алаңы, мұнда жасы мен беделіне қарамастан қатысушылар өз ой толғаулары мен жиған-тергендерін ортаға салады.

"Кітап - бар білімнің бастауы" READx жобасына қатысушылар "Оқуға құштар ұландар".

Оқуға құштар ұландар өздерінің «Менің атым Қожа», «Ай мен Айша», «Интернат наны», «Бір атаның балалары», «Жабайы алма» т.б кітартарды оқып ортаға салды.



АНЫҚТАМА

ЖАС ҰЛАН ҰЙЫМЫНА ҚАБЫЛДАУ

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде Республикалық "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқуда озат, спортта дарынды, өз елінің патриоты болуға лайық - 65 оқушы қабылданды.

Оқушылар еліме, жеріме адал қызмет етемін деп ант берді.

"Жас ұлан" ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук пен төс белгілері табысталды.

Ұстаздар оқушыларды құттықтап, "Жас ұлан" ұйымына мүше етіп қабылданды.







«БЕКІТЕМІН»
Мектеп-лицей директоры [illegible]шова

Республикалық «Жас ұлан» бірыңғай ұйымына салтанатты қабылдау рәсімі арналған мерекелік іс-шараның сценарийі

Мерзімі: 11.12.2024ж 15:00 сағат
Мақсаты: Жас ұлан ұйымының негізгі мақсаты оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі – туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.
Міндеттері:
- мектеп оқушыларын әлеуметтік тәжірибелерін дамыту және байыту;
- әлеуметтік танымдық бастамаларды жүзеге асыру;
- мектептің тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру.
Көрнекілігі: Ту, Елтаңба, Қазақстан Республикасының картасы, ұлы тұлғалардың суреттерін көрсету

«Жас Ұлан» ұйымына қабылданушылар саны: 65

Әбдімомын Желдібаев «Ерке сылқым» күйі.

(күйшілер орындайды)

***Фанфар** (жүргізушілер шығады).*

1-жүргізуші:
Армысыздар, қадірлі жас достар, ұстаздар және қонақтар! Еліміздің егемендігі мен Тәуелсіздігі құтты болсын! Иван Василевич Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей оқушыларын Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз.

(Гимн).

2-жүргізуші:
Бүгін еліміздің ертеңгі алтын діңгегін, келешектің кілтін ұстар ұрпақтың бір арнаға тоғысқан күні.
Жаса мәңгі, тәуелсіздік ұраны,
Шарықтасын қазағымның жыр-әні.
Отанымның Туын көкке көтерер,
Біз боламыз ұлы елдің ЖАС ҰЛАНЫ.

1-жүргізуші: Бүгінгі күн – жауапты күн. Бірлігімізді сақтап, еліміздің игілігі үшін аянбай тер төгуіміз керек.

Алғашқы құттықтау сөз мектеп-лицей директоры Мұхашова Рита Жұмамұратқызына беріледі.

(марапаттау) фон қосу

5а сынып оқушысы Қылышбекова Айсара «Отан» әнін қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші:

Жас Ұлан – жігерлі де жайдарлы ұйым,
Төл мерекең жыл сайын тойланды ұйым!
Жаңғырып, жанданатын жылдан-жылға,
Жас Ұлан – жалынды ұйым, айбарлы ұйым.

1-жүргізуші:

Ендеше, оқушылар «Жас ұлан» ұйымының мақсат, міндет, ережелерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

2-жүргізуші:

«Жас Ұлан» ұйымының әрбір мүшесі: қоғамдық өмірде, тұрмыста, қазақ ұлттық болмыста, халықтық келбетпен қалыпты сақтай отырып, ата-анасын шынайы сыйлап, олардың өнегелі қасиеттерін бойға сіңіріп, өсиеттерін орындауды перзенттік парыз деп түсінеді.

1-жүргізуші:

Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук тағу керек және Республикамыздың мемлекеттік нышандарын құрметтеп, мемлекеттік Гимнді жатқа айту керек.

2-жүргізуші:

«Мен не істесем де, келешегі кемел, көркем Қазақстан үшін істеймін» деген ұландардың Отаны, елі алдында өз парыздарын айтар сәт те туды.

1-жүргізуші:

Еңселі еліміздің ертеңі сендер! Ендеше мектеп-лицей тәлімгері **И.Қуанышбекке** беріледі.

Тәлімгер:
Түзел! Тік тұр!

2-жүргізуші:
«Жас Ұлан» сөз кезегі сіздерде. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданушы оқушыларға береміз. «Жас Ұлан» ұйымының ұланбасы **Нұрманова Еркеназ Дәулетқызы.**

(Ұланбасының рапорт беруі).

Ұланбасы:
Біз, «Жас ұлан» ұйымының антын қабылдауға 64 оқушы дайын. Рапорт берілді.

Тәлімгер:
Рапорт қабылданды.

1-жүргізуші:
Құрметті салтанатты жиынға қатысушылар! Республикалық «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына өтуге тілек білдіруші ұландарға галстук пен төсбелгі тағу құрметі бүгінгі салтанатты жиынға келген құрметті қонақтар мен ұстаздарға беріледі.

(Галстук байланып, төсбелгі тағылады).

(«Туған ел» әні ойнап тұрады).

Ұланбасы:
Құрметті тәуелсіз еліміздің жалындаған жастары! Баршаңызды келе жатқан Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ант

Мен, Нұрманова Еркеназ Дәулетқызы - Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына кіре отырып:
Өз Отаным – Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;
Туған елім, жерім, Отанымды мақтаныш етуге;
Ата-анамды қадірлеуге;
Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
Білімге табандылықпен ұмтылуға;
Салауатты өмір салтын ұстануға;
Табиғатты аялауға;
«Жас Ұлан» ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымнан талап етуге ант етемін. Біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі өнегесі негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге салтанатты түрде

АНТ ЕТЕМІЗ, АНТ ЕТЕМІЗ, АНТ ЕТЕМІЗ!

Тәлімгер:
Ант қабылданды.

2-жүргізуші:

Құрметті «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері! «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларыңызбен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға шын жүректен тілектеспіз.

(«Жас Ұландар гимні шырқалады).

1-жүргізуші:
Мен елімнің ертеңімін – Жас Ұлан,
Жаралғанмын қазақ деген асылдан!
Елім үшін, жерім үшін аянбай
Тұрғызамын асыл күмбез ғасырдан!

2-жүргізуші:
Егеменді еліміздің тірегі
Мектептің болашағы жігері.
Достықпен татулық тілегі
«Жас Ұлан» ұйымының біз түлегі,
-дей келе, «Жас Ұлан» ұйымының белсенді оқушысы
Бұланбай Айару « Отан *» әнін қарсы алыңыздар!*

1-жүргізуші:

Құрметті салтанатты жиынға келген қонақтар, ұстаздар мен оқушылар! «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз! Естелік суретке түсуге шақырамыз! Сау болыңыздар!

(фотосессия).

АНЫҚТАМА

ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде 8-сыныптар арасында "AqyI BATTLE" интеллектуалды сайысы өткізілді.

Сайыс Бейімбет Майлиннің 130 жылдық мерей тойында орай "Ұлт мақтанышы Бейімбет Майлин" тақырыбы аясында өтті.

Мақсаты: XX ғасырдың Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Бейімбет Майлин туралы білімдерін кеңейту, өмір жолы мен шығармашылығынан мәліметтер жинақтау.

Интеллектуалды сайыс нәтижесінде

I орын "SMART " тобы

II орын "АЛҒЫРЛАР " тобы

III орын "ҮШ БӘЙТЕРЕК" тобы









№5 И.В.Панфилов атындағы

мектеп-лицей директоры

Р.Мұхашова

Өтетін орны: Стем кабинет

Өтетін күні:19.11.2024ж

Өтетін уақыты: сағ.13:30

Іс-шара мақсаты: 20 ғасырдың Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Бейімбет Майлин туралы білімдерін кеңейту, өмір жолы мен шығармашылығынан мәліметтер жинақтау.

Саламатсыздарма құрметті төрешілер мен батлға қатысушылар және оқушылар! Бүгінгі ұйымдастырылып отырған іс-шара Бейімбет Майлиннің 130 жылдық мерейтойына орай **"Ұлт мақтанышы Бейімбет Майлин"** атты интеллектуалды сайысымызды ерекше көңіл-күймен бастауға рұқсат етіңіздер.

Іс-шарамызды бастамас бұрын, Бейімбет Майлин туралы мәліметтер жинап алсақ

*Ютуб ссылка

Видеоны көріп болсақ,сайысымызды бастайық. Сайыс 5 кезеңнен тұрады.

1-кезең

Б.Майлиннің балалық шағы

2-кезең

Б.Майлиннің шығармашылығынан

3-кезең

Б.Майлиннің өмірі мен шығармалары

4-кезең

Б.Майлиннің шығармаларын сурет бойынша табу

1 кезең

1.Бейімбет Майлин қай жылы дүниеге келді?

Ж:1894

2.Ол қай жерде туған?

Ж:Қостанай обл. Таран ауданы дамбар ауылы

3.Бейімбет Майлиннің балалық шағы қандай жағдайда өтті

Ж: Кедейлікте өсті. Әкесі ерте қайтыс болған, анасы ағалары мен Б.Майлинді жалғыз тәрбиелеген

4.Бейімбет Майлиннің білім алған орны қандай

Ж: 1914 жылы семей қаласындағы қазақ мұғалімдер семинариясында оқуға түскен.

5.Бейімбет Майлиннің алғашқы шығармалары қай кезде жазылған?

Ж:Оның алғашқы өлеңдері 1910 жылдары жазылған

6.Оның шығармашылығында қандай тақырыптар көтерілген?

Ж:Ауыл өмірі,карапайым халықтың тұрмысы,қоғамдағы өзгерістер және саяси мәселелер көтерілген.

2 кезең

1.Бейімбет Майлиннің қай шығармасы қазақ драматургиясының негізін қалаушылардың бірі болып саналады?

Ж: Майдан пьесасы

2.Майлиннің алғашқы кітабы қалай аталады және қашан шықты?

Ж:"Шұға" кітабы 1925жылы

3.Бейімбет Майлин қандай қызметтер атқарды?

Ж: Ол жазушы, ақын, журналист, редактор болып қызмет

атқарды.

4.Бейімбет Майлиннің алғашқы өлеңі қалай аталады?

Ж: Көңілді

5.Бейімбет Майлин қандай шығармалары арқылы танымал болды?

Ж: Шұғаның белгісі, Майдан, Жарлы бай пьесалары мен өлеңдері арқылы кеңінен танылды

6.Майлиннің басты тақырыптары қандай болды?

Ж:ауыл өмірі, халықтың тұрмысы, әлеуметтік теңсіздік

3 кезең

1.Бейімбет Майлиннің толық аты-жөні қандай?

Ж: Бейімбет Майлин Жармағамбетұлы

2.Бейімбет Майлиннің балалық шағында қандай қиындықтарға тап болды?

Ж:Әкесіз өскен, балалық шағында қиындықтар мен кедейлікті бастан кешкен

3.Бейімбет Майлиннің шығармаларында қандай әдеби жанрлар басым болды?

Жауабы: Өлеңдер, Пьесалар, әңгімелер және мақалалар

4.Бейімбет Майлин қай жылы тұтқындалып, атылды?

Ж: 1938 жылы тұтқындалып, сталиндік қуғын сүргіннің құрбаны болып атылды

5.Ол қандай газет- журналдарда жұмыс істеді?

Ж: Еңбекші қазақ, Социалистік Қазақстан

4 кезең

1 сурет

Ж:Шұғаның белгісі

2 сурет

Ж:Раушан коммунист

3 сурет

Ж:Күлпәш

4 сурет

Ж:Талақ

5 сурет

Ж:даудың басы-Дайрабайдың көк сиыр

5 кезең

Тест сұрақтары

Жүргізіші: Сонымен интеллектуалды сайысымыздың қорытынды балы мен жеңген команданы жариялап, марапаттау үшін сөзді төрешілерге береміз!

Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Осымен бүгінгі сайысымыз аяқталды. Жарыс болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Жарыста жеңілсек те өмірде жеңіске жете берулеріңе тілектеспін. Келесі кездескенше сау болыңыздар!

АНЫҚТАМА

"БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАҒБАНЫ" БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

"Балалар әдебиетінің бағбаны" Б.Соқпақбаевқа 100 жыл толуына орай, жазушы шығармаларын жаппай оқу жобасын іске асыру аясында Жас ұлан оқушыларымен "Ақылды бейсенбі" тәлімгер уақыты өткізілді. Жазушының "Менің атым Қожа" шығармасын оқығанын талдап, оқушылар сайысқа түсті.

Нәтижесінде 5"А" сынып Жас ұландары белсенділік пен шапшаңдық танытып жеңіске жетті!!!

#5mekteplitsey #bilimkzo

#біртұтас_тәрбие

#асылсөздііздесең #сырұланы

#кітапоқыойғатоқы #жасұлан





«Бекітемін»

И.В.Панфилов атындағы

№5 мектеп-лицей директоры

Р.Мұхашова

«Балалар әдебиетінің бағбаны» Бердібек Соқпақбаевтың

100 жылдығына орай "Ақылды бейсенбі" әдеби кеші

Мақсаты:

1.Жазушының шығармашылығын насихаттау;

2.Оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыру;

3.Шығармалары арқылы адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу.

1. Таныстыру (5мин)

Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және әдебиет сүйер қауым! Бүгін біз қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, балалар әдебиетінің майталман шебері Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған "Ақылды бейсенбі" атты әдеби кешке жиналып отырмыз.

Алдымен Бердібек Соқпақбаевтың өміріне тоқтала кетсем:

Бердібек Соқпақбаев – қазақ балаларының сүйікті жазушысы, оның шығармалары арқылы біз шынайы достықты, әділдікті, еңбекқорлықты және адалдықты үйрендік. Оның ең танымал шығармаларының бірі – "Менің атым Қожа". Осы кеш барысында біз жазушының өмірі мен шығармашылығына тереңірек тоқталып, қызықты ойындар ойнап, шығармаларын бірге талдаймыз.

2. "Кім білгіш?" (Сұрақ-жауап ойыны, 10 минут)

(Жазушының өмірі мен шығармалары туралы сұрақтар қойылады.)

Алдымен, Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап беріп көрейік. Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады. Ендеше, бастайық!

1. Бердібек Соқпақбаев қай жылы дүниеге келген? (1925 жыл)

2. Жазушының ең танымал шығармасы қалай аталады? (“Менің атым Қожа”)

3. “Менің атым Қожа” шығармасы қай жылы жазылды? (1957 жылы)

4. Жазушы қандай атаққа ие болды? (Қазақ балалар әдебиетінің классигі)

5. Жазушы қай өңірде дүниеге келген? (Алматы облысы, Нарынқол ауданы)

3. "Дұрыс па, бұрыс па?" (Ойын, 7 минут)

(Жүргізушілер мәлімдемелер айтады, оқушылар "дұрыс" немесе "бұрыс" деп жауап береді.)

Енді жылдамдық пен зейінді қажет ететін "Дұрыс па, бұрыс па?" ойынына кезек берейік. Біз мәлімдемелер оқимыз, ал сіздер "дұрыс" немесе "бұрыс" деп жауап бересіздер.

1. "Менің атым Қожа" шығармасының кейіпкері Қожа тәртіпті бала. (Бұрыс)

2. Жазушының шығармалары көбіне балаларға арналған. (Дұрыс)

3. Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары тек қазақ тілінде жазылған. (Бұрыс)

4. Қожа – адалдықты бағалайтын кейіпкер. (Дұрыс)

5. "Балалық шаққа саяхат" – Бердібек Соқпақбаевтың шығармасы. (Дұрыс)

4. "Суреттеп көр!" (Шығармашылық ойын, 10 минут)

(Оқушылар Соқпақбаев шығармаларының кейіпкерлерін сипаттап табу керек.)

Бұл ойында оқушыларға Соқпақбаевтың шығармаларынан кейіпкерлерді сипаттап айтамыз. Олардың кім екенін табу – сіздердің міндеттеріңіз.

1. Ол өз достарымен ормандағы алма бақта қыдырып, түрлі қызықтарға тап болды. (Қожа)

2. Жазушының басқа шығармасынан, бала кезінде көп қиыншылық көрген, бірақ қайсарлығымен ерекшеленген кейіпкер. (Еркін – "Балалық шаққа саяхат")

3. Достарының арасында көшбасшы, шындықты жақтайтын бала. (Сұлтан – "Менің атым Қожа")

5. "Мозайка ойыны" (Шығармашылық ойын, 5 минут)

Келесі ойын – сіздердің қиялдарыңыз бен жылдамдықтарыңызды шыңдайды. Уақыт есептей отырып әр топ мозайканы дұрыс құрау керек.

Қорытынды:

Барлық қатысушы топтарға қысқаша пікір айтылып, жеңімпаз топ анықталады.

Қиялдарыңызға қанат бітіріп, жазушының шығармаларына белсенді түрде атсалысқандарыңыз үшін рақмет!

6. Қорытындылау және марапаттау (5 минут)

Құрметті оқушылар, бүгінгі "Ақылды бейсенбі" кешіміз осымен аяқталды. Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларынан тек қызық емес, терең ой түйдік деп сенеміз.

Баршаңызға белсенді қатысқандарыңыз үшін рақмет! Әдебиет арқылы рухани бай болайық, ал Бердібек Соқпақбаевтың мұрасы мәңгілік сақталсын.

АНЫҚТАМА

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалды әл-қуатын дамыту мақсатында мектебімізде

Жас ұландықтармен «ДОСБОЛ Like: достық қолын ұсын» акциясы өткізілді. Оқушылар достық белгі-суреттерін салып, түрлі-түсті бояуларға қол белгілерін, стикерлерге ізгі ниет тілектерін жазды. Бір-бірлеріне достық туралы мақалды жалғастырып, жақсы көңіл-күйдің эмоцияларын жеткізді.







АНЫҚТАМА

"КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС"

Мақсаты: оқушылардың үзілісін қызықты, көңілді, әрі пайдалы етіп өткізу. Оқушылардың көңіл-күйін, бір-біріне деген сыйластығын, мейірімділігін арттыру, достыққа, адамгершілік пен әдептілікке тәрбиелеу. «Көңілді үзіліс» білім алушының мектептегі әр минут пен секундты тиімді өткізіп, өзара ұжымдық бірлікті қалыптастыруда таптырмас уақыт.

Көңілді үзілісті 5-6-7 сынып оқушыларымен тәлімгер Қуанышбек Инабат өткізді .





АНЫҚТАМА

"ТУҒАН ЖЕРДІҢ БОЯУЛАРЫ" тақырыбында "Панфилов парламенті" өзін-өзі басқару жобасы аясында 8А сынып оқушысы экология және еңбек министрі Нұрманов Қыдырәлінің ұйымдастыруымен Жас ұландықтар арасында сайыс өтті.

Мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлкенің табиғатына экологиялық бағдарланған қатынаска тәрбиелеу.

Табиғатты қорғау үшін экологиялық мәдениетті дамытуда үнемі ізденіс үстінде жүрген шәкірттеріміз сайыска қатысып:

I ОРЫН 5А-сыныбы "Жасыл әлем" тобы

II ОРЫН 5Ә-сыныбы "Жұлдызды аспан" тобы

III ОРЫН 5Б-сыныбы "Табиғат қорғаушылары" тобы жеңіске жетті

#5mekteplitsey #біртұтас_тәрбие #bilim_kzo #сыруланы #экология







АНЫҚТАМА

«Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары» ақылды бейсенбі.

И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейде Абай Құнанбаевтың қара сөздерін таныстыру, насихаттау мақсатында «Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары» атты ақылды бейсенбі тәлімгер уақыты өтті. Жас ұландықтар А.Құнанбаевтың қара сөздерін, нақыл сөздерін талдап, жатқа айтып, бір-бірімен бөлісті.

Сонымен қатар шара соңында Жас ұландықтар «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» сияқты әндер шыркап, әсем әуенмен көңілдерін көтерді





АНЫҚТАМА

"КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС"

Мақсаты: оқушылардың үзілісін қызықты, көңілді, әрі пайдалы етіп өткізу. Оқушылардың көңіл-күйін, бір-біріне деген сыйластығын, мейірімділігін арттыру, достыққа, адамгершілік пен әдептілікке тәрбиелеу. «Көңілді үзіліс» білім алушының мектептегі әр минут пен секундты тиімді өткізіп, өзара ұжымдық бірлікті қалыптастыруда таптырмас уақыт.

#сырұланы

#bilimkzo
#5mekteplitsey
#БІРТҰТАС_ТӘРБИЕ



АНЫҚТАМА

"Алғыс айту парызым" – жүректен шыққан жылы лебіздер!

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай ерекше "Алғыс айту парызым" атты көңіл кездесуі өтті. Бұл мерекелік шара шынайы ризашылық пен жүрекжарды лебіздерге толы болды.

Мақсаты: Ел бірлігін нығайту, алғыс айту мәдениетін дамыту, мейірімділік пен ризашылық сезімдерін қалыптастыру. Оқушыларға, ұстаздарға және ата-аналарға құрмет көрсетудің маңыздылығын ұғындыру.

Міндеттері: Ата-анаға, ұстаздарға, достарға алғыс айту мәдениетін үйрету. Қайырымдылық пен ізгілік құндылықтарын дәріптеу. Қоғамда мейірімділік пен сыйластықты арттыруға ықпал ету.Өскелең ұрпақты жауапкершілікке, жанашырлыққа және адами құндылықтарға тәрбиелеу.

Шара барысында оқушылар өз жүрекжарды тілектерін білдіріп, ата-аналарына, ұстаздарына және достарына шынайы алғыстарын айтты. Сонымен қатар, түрлі шығармашылық қойылымдар, ән-жыр мен поэзиялық шығармалар орындалып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

#АлғысАйтуКүні #Ризашылық #Мейірімділік #Бірлік #МектепЛицей #АлғысАйтуКүні #Бірлік #Қазақстан #АлғысАйту #ҰлттықБірлігі #5mekteplitsey #bilimkzo



АНЫҚТАМА

"ШЫН ЖҮРЕКТЕН КІТАП СЫЙЛА" акциясы

«Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу.

Бүгін мектебімізде "ЖАС ҰЛАН" оқушыларына "Шын жүректен досыңа кітап сыйла" акциясы ұйымдастырылды.

Кітап – білім мен даналықтың қайнар көзі, ой - сананы кеңейту мен рухани байытудың таптырмас жолы. Әрбір оқыған кітабыңыз сізге жаңа бастамалар мен ізденістің, өзін-өзі жетілдірудің бастауы болсын!

«Жақсы кітап – жан азығы». Жата-жастана оқитын, бір-бірімізге сыйлай алатын кітаптарымыз әрдайым көп болғай!

#bilimkzo #5mekteplitsey #БІРТҰТАС_ТӘРБИЕ #Шын_жүректен_кітап_сыйла

#Асылсөздіізденсең_АбайдыоқыЖасұлан #сырұланы







Анықтама

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде "Қайырымды жүрек" акциясы өтті!

Наурыз мейрамы қарсаңында мектебімізде 5-6 сынып оқушыларының қатысуымен ерекше әрі игі шара – жәрмеңке ұйымдастырылды. Бұл жәрмеңке "Қайырымды жүрек" акциясы аясында өтіп, оқушыларды қайырымдылыққа тәрбиелеу, мейірімділік пен жанашырлық секілді ізгі қасиеттерді бойларына сіңіруді мақсат етті.

Шараның мақсаты:

– Оқушыларды қайырымдылыққа баулу.

– Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді дәріптеу.

– Бірлік пен қамқорлықты насихаттау.

– Мұқтаж жандарға қолдау көрсету.

Жәрмеңке барысында оқушылар өз қолдарымен жасаған түрлі өнімдерін – дәмді тағамдар, қолөнер бұйымдары, тәттілер мен безендірілген заттарын ұсынды. Әрбір қатысушының еңбегі көпшіліктің ықыласына бөленіп, жәрмеңкеден түскен қаражат мұқтаж жандарға көмек ретінде аударылады.

Балалардың белсенділігі мен ықыласы – мейірімді қоғам қалыптастырудағы маңызды қадам. Осындай игі бастамалар арқылы оқушылар жақсылық жасаудың маңызын түсініп, қоғамға өз үлестерін қосады.









Анықтама

21-23 сәуір күндері «Өлеңді сүйген өренмін» қалалық «Жас ұлан» ұйымының оқушылары арасында өткен мәнерлеп оқу байқауының іріктеу кезеңінен мектебіміздің 6 «А» сынып оқушысы Жеткербай Айшат өтіп, Алғыс хатпен марапатталды.

Байқаудың мақсаты: ұлттық құндылыққа негізделген мәдени-эстетикалық тәрбие беру, дарынды оқушыларға шығармашылық қолдау көрсету. Жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеу.

Жетекшісі: тәлімгер Инабат Қуанышбек




АЛҒЫС

МАРАПАТТАЛАДЫ



Анықтама

И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп лицейі білім алушылар арасында достық, өзара сыйластық, қамқорлық және қолдау құндылықтарын қалыптастыру, инклюзивті ортадағы оқушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Адал Дос – Шын Дос» акциясы ұйымдастырылды.

Акция барысында мектеп тәлімгері инклюзивті сыныптарда білім алатын оқушыларды шефтік қамқорлыққа алып, олармен жүйелі түрде қарым-қатынас орнату, қолдау көрсету және бірлескен іс-шараларға қатыстыру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шаралар барысында оқушылардың бір-біріне деген құрметін арттыру, достық қарым-қатынасты нығайту, өзара көмек көрсету және әр баланың жеке ерекшелігін қабылдау бағытында түрлі жұмыстар ұйымдастырылды. Тәлімгер мен оқушылар бірлесіп шығармашылық, танымдық және тәрбиелік сипаттағы шараларға қатысып, өзара пікір алмасты.

Сонымен қатар, ерекше қабілеттері мен жеке ерекшеліктері бар балалар үшін кедергісіз, қолайлы және достық орта қалыптастыру мақсатында кітап оқу жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылар тәлімгермен және достарымен бірге достық, мейірімділік, сыйластық, адамгершілік және өзара көмек тақырыптарындағы әдеби шығармаларды оқып, олардың мазмұнын талқылады.

Бірлескен кітап оқу барысында оқушылар шығармалардағы кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасап, достық пен қамқорлықтың маңыздылығы туралы өз ойларын ортаға салды. Әдеби шығармалар арқылы оқушылардың бір-бірін түсіну, тыңдау, қолдау және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлінді.

Акция барысында «әр бала – ерекше тұлға» қағидасын негізге ала отырып, оқушылар арасында тең қарым-қатынас пен өзара қолдау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Инклюзивті ортадағы балалардың мектеп өміріне белсенді араласуына және сыныптастарымен еркін қарым-қатынас жасауына жағдай жасалды.

«Адал Дос – Шын Дос» акциясы барысында оқушылардың достық, мейірімділік, қамқорлық және өзара сыйластық құндылықтарын түсінуіне жағдай жасалды. Бірлескен іс-шаралар мен кітап оқу арқылы оқушылар арасында өзара қолдау мәдениетін қалыптастыру, инклюзивті ортадағы балаларға құрметпен қарау және кедергісіз достық ортаны дамыту жұмыстары жүзеге асырылды.